ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ

№77
(2455)
Сәрсенбі
30 қыркүйек
2026 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық ақпараттық-танымдық басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АЛДАҒЫ ЖЫЛДАРҒА ЖОСПАРЛАНҒАН АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев Қызылорда қаласы мен аудан әкімдерімен кездесіп, алдағы жылдарға жоспарланған ауқымды жобаларды жан-жақты талқылады.

Аймақта әлеуметтік-экономикалық және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған маңызды жобалар іске асырылады. Атап айтқанда, газдандыру, сумен, электрмен жабдықтау, жол, тұрғын үй, әлеуметтік нысандар құрылысы, ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп салалары қамтылады.

Қызылорда қаласында жалпы құны 114,4 млрд. теңге болатын 104 жаңа жоба әзірленді. Негізгі бағыттар – тұрғын үй, жол, көпір құрылысы, сумен, кәрізбен жабдықтау, газдандыру, абаттандыру, жарықтандыру және көпқабатты тұрғын үйлерді жаңғырту.

Арал ауданында 194,3 млрд. теңгенің 8 жобасын іске асыру жоспарланған. Олар өңдеу өнеркәсібі, логистика, жол бойындағы сервистік қызмет, құрылыс материалдарын өндіру, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету салаларын өркендетуге бағытталған.

Қазалы ауданында 48,4 млрд. теңгенің 52 жобасы әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылған. Білім беру, газ, жылумен жабдықтау, кәріз жүйесі, автомобиль жолдары, электр желілері және ауыл шаруашылығы салаларын дамытуға арналған. Сонымен қатар, 5,9 млрд. теңгенің 5 жобасы әзірлену сатысында.

Қармақшы ауданында тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған 22 млрд. теңгенің 16 жобасын іске асыру мақсаты қойылған. Жобалар ауыз сумен қамту, электр, газ желілерін жаңғырту, жол, әлеуметтік нысандар салу, тарихи-мәдени мұраны сақтау және мал шаруашылығын дамыту бағыттарын қамтиды.

Жалағаш ауданында 16 млрд. 531 млн. теңгенің 33 жобасы межеленіп отыр. Негізгі бағыты – газдандыру, электрмен жабдықтау, жол, ауыз су, әлеуметтік нысандарды жөндеу және абаттандыру.

Сырдария ауданы 26,5 млрд. теңгенің 32 жобасын жүзеге асыру үшін бюджеттік өтінімдер ұсынған. Білім беру, газдандыру, электрмен жабдықтау, жол, ауыз су, әлеуметтік нысандарды жөндеу және абаттандыру жобалары алдағы жылдардың жұмыс бағытын айқындайды.

Шиелі ауданында 17,6 млрд. теңгеге бағаланған 48 жоба бойынша бюджеттік өтінімдер ұсынылды. Білім беру, газдандыру, электрмен жабдықтау, жол, ауыз су, әлеуметтік нысандарға қатысты жобаларды жүзеге асыру межеленіп отыр.

Жаңақорған ауданында жалпы құны 607,8 млрд. теңге болатын 8 ірі инвестициялық жоба көзделген. Олардың қатарында жеміс-көкөніс сақтау, өңдеу кешені, күн-электр станциясы, цемент зауыты, тауарлы сүт фермасы, «Шалқия» кен-байыту фабрикасы және полиметалл кен орындарын игеру жобалары бар.

Жоспарланған жобалар жүзеге асқанда өңірдегі инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға, өндірістік және инвестициялық әлеуетті арттыруға, жаңа жұмыс орындарының ашылуына және халықтың өмір сүру сапасының жақсаруына оң ықпал етеді.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

ҚР ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ТАБИҒИ РЕСУРСТАР МИНИСТРІ ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДАҒЫ ТҰҚЫМБАҚ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ



Облыс әкімі Мұрат Ергешбаев Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Әлібек Қуантыровпен бірге Қазалы ауданына барды.

Сапар барысында Қазалы қаласындағы жақында іске қосылған орман тұқымбағының жұмысымен танысты.

Аталған жоба Мемлекет басшысының орман қорын ұлғайту және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасына сәйкес Дүниежүзілік банктің қаржыландыруымен 440 млн. теңгеге жүзеге асырылған.

Аумағы 33,5 гектар тұқымбақта 16 арнайы техника бар. Қара сексеуіл, жапырақты және жеміс дақылдары, үйеңкі секілді ағаш түрлері өсіріліп, қорғаныш жасыл белдеу жасау жұмыстары ұйымдастырылуда. Қазір тұқымбақта 45 адам жұмыспен қамтылған.

Бұдан кейін, Қазалы қаласындағы республикалық орман селекциялық тұқым өсіру орталығының тұқымбағы таныстырылды.

Жалпы ауданы 32 гектар тұқымбақтың 17 гектары орманмен қамтылған. Ал 15 гектары жайылымдық жер ретінде пайдаланылуда. Мұнда жылына 1-1,5 млн. дана көшет өсіріледі. Сондай-ақ, таулы аймақтарға тән айлант, каталь-па, туя секілді 10 түрлі ағаш көшеттері жерсіндіріліп, бес түрлі жеміс ағашы өсірілуде. Арал теңізінің құрғаған табанына отырғызылатын сексеуіл көшеттері де осы жерде дайындалады. Биыл тұқымбаққа сексеуіл көшетін егу жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта мұнда 41 адам жұмыспен қамтылған.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

Баспасөз - 2027

2027 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА БАСПАСӨЗГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

Құрметті газет оқырмандары!

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне 2027 жылдың бірінші жарты жылдығына жазылу жүріп жатырғанын хабарлаймыз.

Аймақтық газет республикадағы ең арзан басылым екенін атап айтамыз. Газетке жазылу бағасы жеке адамдар үшін 6 айға -1130 теңге, мекемелер мен кәсіпорындары үшін 6 айға -2260 теңге.

Жеке тұрғындардың «Тұран-Қазалы» ЖШС-нің бухгалтериясына келіп жазылуына болады.

Аймақта болып жатқан жаңалықтарды білгіңіз келсе, өңірдің тыныс-тіршілігімен танысқыңыз келсе, әр саладағы атқарылып жатқан жағымды істерден хабардар болғыңыз келсе біздің газетке жазылыңыз.

Аймақтық «Тұран-Қазалы» газетінің редакциясы

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМҒА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің гистология кафедрасының жетекшісі, жерлес ғалым Жанат Есқарақызы Көмекбай туралы аз-кем әңгіме.

Жанат Есқарақызы Көмекбай медицина ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінің гистология кафедрасының жетекшісі. Дәрігерлік қызметтен басталған оның кәсіби жолы бүгінде білім, ғылым және халықаралық ынтымақтастықты ұштастырған табысты еңбек мектебіне айналды.

Жанат Есқарақызының медицина саласындағы алғашқы қадамы 1996 жылы Қызылорда медициналық училищесін «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша тәмамдауынан басталды. Кейін ол 2002 жылы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина академиясын «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бітірді. 2002-2003 жылдары осы академияның акушерлік және гинекология кафедрасында «Акушерлік және гинекология» мамандығы бойынша интернатурадан өтті.

Жанат Есқарақызы еңбек жолын 2003 жылы Қызылорда облысы, Қазалы ауданындағы «Жетес би» жанұялық дәрігерлік амбулаториясында акушер-гинеколог дәрігер болып басталды. Бұл кезең жас маман үшін кәсіби жауапкершілік пен адам денсаулығына деген адалдықтың маңызды мектебі болды.

2007 жылдан бастап Жанаттың еңбек жолы жоғары медициналық білім беру жүйесімен тығыз байланысты. 2007-2011 жылдары ол Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің гистология кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарды. 2010 жылы «Адам анатомиясы» мамандығы бойынша кандидаттық диссертация қорғап, медицина ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алды.

2012-2018 жылдары гистология кафедрасының аға оқытушысы болып еңбек етті. 2015 жылы мемлекеттік медицина университетінің жалпы медицина №2 факультеті деканының орынбасары қызметін атқарды. 2017-2018 жылдары гистология кафедрасының доценті болды. 2018 жылы кафедра жетекшісінің міндетін атқарушы болып тағайындалып, 2019 жылдан бері Батыс Қазақстан медицина университетінің гистология кафедрасын басқарып келеді. 2026 жылы профессор дипломын иеленді.

Жанат Көмекбайдың ғылыми жетекші ретінде де еңбегі айрықша. Оның жетекшілігімен 3 магистр дайындалды. Қазіргі таңда 4 PhD докторант пен 1 магистранттың ғылыми консультанты болып, жас зерттеушілердің кәсіби қалыптасуына үлесін қосып жүр.

Жерлес ғалымның ғылыми ізденістері мен жетістіктеріне тоқталсақ. Кандидаттық диссертациясын қорғағаннан кейін 100-ден астам ғылыми еңбегі жарық көрді. Ғалымның ғылыми қоржынында 10 авторлық куәлік, 2 монография және 8 оқу құралы бар. Scopus базасындағы Хирш индексі — 4, Web of Science базасындағы Хирш индексі—3. Бұл көрсеткіштер оның ғылыми еңбектерінің академиялық ортада танылып, қолданысқа еніп жатқанын көрсетеді.

Ол бірнеше халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның ұйымдастырушысы әрі қатысушысы болды. Қазақстандағы жоғары оқу орындарымен қатар, Әзербайжан, Орынбор, Ош, Ставрополь, Башқұрт, Тәжік мемлекеттік медицина университеттері, Poznan University of Medical Sciences, Австралиядағы University of New South Wales, Литва денсаулық ғылымдары университетіндегі шетелдік әріптестерімен ғылыми-білім беру байланыстарын дамытып келеді.

Жанат Есқарақызы университеттің оқу, тәрбие және ғылыми жұмыстарының сапасын арттыруға белсенді атсалысады. Академиялық мобильдік бағдарламасы аясында өзге жоғары оқу орындарына барып, дәрістер мен практикалық сабақтар өткізеді. «Визитинг-профессор» бағдарламасы бойынша алыс-жақын шетел университеттерінің профессорларымен байланыс орнатып, кездесулер мен интеграцияланған дәрістер ұйымдастырады.

Жерлес ғалым кафедраның материалдық-техникалық базасын жақсарту бағытында да нақты істер атқарды. Оның бастамасымен алғаш рет гистология кафедрасында заманауи морфологиялық зертхана жұмысы жолға қойылып, түрлі гистологиялық әдістер енгізілді. Сонымен бірге лаборант-гистологтарға арналған біліктілікті арттыру курстары және тәжірибелік шеберлік сабақтары өткізіледі.



Ғалым жерлесіміз - «Gylym Alyansy» журналы редакциялық алқасының мүшесі, West Kazakhstan Medical Journal журналының рецензенті, Марат Оспанов атындағы БҚМУ-дің «Медицина» мамандығы бойынша ғылыми проблемалық комиссиясының мүшесі. Сонымен қатар, университеттің Ғылыми кеңесі, Академиялық кеңесі, «Жалпы медицина», «Медицина» және «Педиатрия» академиялық комитеттерінің жұмысына қатысады.

Сондай-ақ, ғалымның үздіксіз ізденістері мен ерен еңбегі лайықты бағалануда. Ол жоғарғы орындардың бірнеше марапаттарын иеленді. Атап айтсақ, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісі; Марат Оспанов атындағы БҚМУ-дің «Университеттің дамуына қосқан үлесі үшін» төсбелгісі; «Көп жылғы еңбегі және ғылым жүйесін дамытуға қосқан үлесі мен жетістіктері үшін» алғыс хаты; Университеттің морфологиялық зертханасын дамытып, ғылыми-зерттеу жұмысын жаңа деңгейге көтергені үшін грамотасымен марапатталып, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» гран-приін алды.

Зерделі ғалым біліктілігін арттыру үшін әр жылдары Назарбаев Университетіндегі «Leadership development program for state healthcare institutions» бағдарламасы; Познань медициналық университетімен академиялық мобильдік аясындағы «Гистология-1» бағдарламасы; «Цифрлық құзыреттілік. Тиімді онлайн-сабақ» курсы, (Беларусь ұлттық техникалық университеті); «Academic writing course», British Council, Братислава, Словакия; Назарбаев Университеті кітапханасы базасындағы «InfoSauattylyq» жобасы аясында медиа және ақпараттық сауаттылық курсына қатысқан; Литва денсаулық ғылымдары университеті, Каунас; Познань медициналық ғылымдар университетінде (Польша) біліктіліктілігін арттырған.

Бүгінде Жанат Есқарақызы Көмекбайдың кәсіби жолы - табандылықтың, ғылымға адалдықтың және ұстаздық жауапкершіліктің жарқын үлгісі. Ол дәрігерлік тәжірибеден басталған еңбек жолын жоғары медициналық білім мен ғылыми зерттеуді дамытуға арнап, шәкірт тәрбиелеу, халықаралық ынтымақтастық және заманауи зертханалық базаны нығайту бағытында нәтижелі жұмыс атқарып келеді.

Осындай еңбегінің арқасында гистология кафедрасы білім алушылары үшін ғана емес, жас ғалымдар мен зерттеушілер үшін де ізденіс пен тәжірибе алаңына айналыпотыр. Жанат Көмекбайдың қызметі университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға, медицина білімінің сапасын көтеруге және отандық ғылымның халықаралық кеңістіктегі беделін нығайтуға бағытталған.

Сөз соңында айтарымыз жерлес ғалым Жанат Есқарақызының әкесі Есқара Көмекбаев мектепті медальмен, қазіргі Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық мемлекеттік университетін қызыл дипломмен бітірген терең білімді филолог, ауданға есімі белгілі азамат болатын. Жанат қызымыздың жастайынан білім мен ғылымға құлшыныспен бет бұруы, ізденімпаздығы, талаптылығы, еңбекқорлығы, зеректігі, қарымдылығы оның бойына әке қанымен дарыған тектіліктің белгісі дер едік.

Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Маманның кеңесі

ТЕМІР ТАПШЫЛЫҚ АНЕМИЯСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Темір тапшылық анемиясы (бұдан әрі - ТТА) Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДҰ) өзекті мәселелерінің бірі ретінде қабылданған. ДДҰ сарапшыларының мәліметтері бойынша Жер шарының 3,6 млрд. тұрғынында жасырын темір тапшылығы және 1,8 млрд. тұрғынында ТТА анықталады екен.

Темір тапшылықты анемия – қан сарысуында, сүйек кемігінде, адам ағзасында темірдің төмендеуі, осының нәтижесінде гемоглобин, әрі қарай эритроциттер түзілуінің бұзылыстары салдарынан тіндердегі трофикалық бұзылыстармен мінезделетін ауру.

Клиникалық көрінісі:

-Әлсіздік, бас айналуы, көз алдында шыбын-шіркейлерді көруі;

-Талмалар болуы мүмкін, ентікпе, шаштары сынғыш, түседі және тырнақтың сынғыштығы (кейде қасық тәрізді ішке ойылуы), тері құрғақтығы;

-Тәбеттің бұрмалануы, кейде науқастар шикі ет, қамыр, мұзды жегісі келуі мүмкін.

Профилактикалық шаралар:

-Темір тапшылығын шақырған себептерді жою;

-Құрамында темірі көп диета (ет, бауыр және басқалар.), темірмен байытылған өнімдерді пайдалану (фортификацияланған азық-түлік өнімдері)

-Темір препараттарын ұзақ қабылдау (4-6 ай).

-Темірдің парентералды препараттары (көрсетімдер бойынша).

-Ауыр анемия кезінде эритроцитарлық масса құю.

- Қ а у і п - қ а т е р тобындағыларға темір препараттарын профилактикалық қабылдау.

Емдік тамақтану

Көптеген ішкі ағзалар дерттерінің емі сияқты темір тапшылық анемиясының (ТТА) терапиясын дұрыс тамақтанумен бастаған жөн! ТТА-сы бар науқас тағамында темірге, сондай-ақ ағзадағы биохимиялық және физиологиялық үрдістерді күшейтетін минералды заттар мен микроэлементтерге бай жануарлар мен өсімдік тағамдары болуы қажет. Науқастың тағамында 130 г. протеин, 90 г. май, 350 г. көмірсулар, 40 мг. темір, 5 мг. мыс, 7 мг. марганец, 30 мг. мырыш, 5 мкг. кобальт, 2 г. метионин, 4г. холин, В тобы мен С витаминдері болғаны абзал.

Науқастарға темірге бай келесі азық-түліктер ұсынылады: сиыр (тана) еті, балық, бауыр, бүйрек, өкпе, жұмыртқа. Жеміс-жидектерден – түйнекті алқа, қарақұмық, кәдімгі қызылша, сұлы, грек жаңғағы, қатпарлы жуа мен сарымсақ, аскөк, салат, бақша саумалдығы сияқты өсімдік тағамдары.

Темір тапшылықты күй (ТТК) кезінде қолданылатын жеміс-жидектерінің емдік бағалылығы, олардың құрамындағы көп мөлшердегі аскорбин мен янтарь қышқылдары, В тобының витаминдері, каротиндер, минералды тұздар мен басқа да физиологиялық белсенді органикалық заттардың болуына байланысты. Бұлар ферменттер құрылысына қатысады және темір мен аминқышқылдарының өзара қатынасында шешуші рөл атқарады.

Соңғы жылдары жасырын темір тапшылығының таралуын және оның темір тапшылық анемиясына өтуінің алдын алу үшін құрамында дәрілік өсімдіктері бар және темірмен байытылған тағамдық қосымшалар кең қолданылып жүр. Мысалы, темір лактатымен және аскорбин қышқылымен байытылған итшомыр, темір мен аскорбин қышқылымен байытылған итмұрын сусындары: итшомыр, алма, қара қарақат пен шетен сығындылары, темір мен витаминдермен байытылған алкогольсіз сусындар белгілі және шетелдердің түрлі-түрлі фирмалары ұсынатын қосымшалар тағы бар.

Тағаммен темірдің жеткіліксіз түсуі «нутрициондық тапшылыққа» себеп болады. Ол қатаң вегетариандық өмір салтын ұстанатындарда, өмір сүрудің әлеуметтік-экономикалық деңгейі өте төмен адамдарда (құнарсыз тамақтану) басымырақ байқалады. Тамақпен темірдің аз түсуі, ас қорыту жолдарында оның дұрыс сіңірілмеуі, ағзада темірдің толық жиналмауы, осы биометалдың сұранысы немесе экскрециясының артуы - тағамдық темір тапшылығының осындай үрдістерінің қортынды көрсеткіші болуы мүмкін. Сондықтан темір тапшылық анемиясының алғашқы белгілері байқалғаннан бастап, дәрігерге жүгіну қажет.

Ақерке ЖЕТКЕР,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

Хабарландыру

ҚҰЖАТТЫҢ ӘСЕР ЕТУ СКРИНИНГІН ҚАРАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұданәрі-Кодекс) 55-бабының, 6-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігіне (бұдан әрі – ЭТРМ) стратегиялық экологиялық бағалау (бұдан әрі – СЭБ материалдары) жүргізу үшін мынадай құжаттар келіп түсті:

1) Құжатты іске асырудың негізгі бағыттарымен мерзімдері туралы ақпарат қамтылған, оның жобасын: «Басықара, Бекарыстанби, Ғ.Мұратбаев, Жанқожа батыр, Қ.Пірімов, «Кәукей», «Тасарық», Ү.Түктібаев ауылдарының дамыту және салу схемалары (шағын елді мекеннің бас жоспарының оңайлатылған нұсқасы)»

2) Құжатты іске асыру жоспарланатын аумақтың сипаттамасын: «Басықара, Бекарыстан би, Ғ.Мұратбаев, Жанқожа батыр, Қ.Пірімов, «Кәукей», «Тасарық», Ү.Түктібаев ауылдарының дамыту және салу схемалары (шағын елді мекеннің бас жоспарының оңайлатылған нұсқасы)»

3) Құжатты іске асыру кезінде қоршаған ортаға, адамның өміріне және (немесе) денсаулығына әлеуетті әсер етуінің жалпы сипаттамасын жібереді. «Басықара, Бекарыстанби, Ғ.Мұратбаев, Жанқожа батыр, Қ.Пірімов, «Кәукей», «Тасарық», Ү.Түктібаев ауылдарының дамыту және салу схемалары (шағын елді мекеннің бас жоспарының оңайлатылған нұсқасы)»

СЭБ материалдарын әзірлеуші: «KazGeoSaulet» ЖШС.

СЭБ құжаттарының тапсырыс берушісі: «Қызылорда облысы, Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ

СЭБ әзірлеуге жауапты «Қызылорда облысы, Қазалы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» КММ

СЭБ материалдары бойынша қортындылар беруге жауапты уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Жұртшылықты (барлық азаматтар мен заңды тұлғаларды) келесі мәселелер бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын айтуға шақырамыз:

1) Бас жоспардың іске асырылуы қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етуі мүмкін бе, егер солай болса, бұл қандай әсерлер және сіз оларды неге маңызды деп санайсыз?

2) Бас жоспар бекітілгенге дейін қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына қандай әсерлерді зерделеу қажет және неге?

3) СЭБ бойынша есепте құжатты іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал елеулі әсерлері туралы Сізді қызықтыратын барлық ақпарат қамтылған ба? Сізді қандай ақпарат қызықтырады және неге?

4)Сізде Бас жоспарды іске асырудың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына ықтимал әсеріне байланысты өзгеде ескертулер мен ұсыныстар бар ма?

Стратегиялық құжаттың қолданылу мерзімі: 2026-2040ж.ж.

Уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі.

Ескертулер мен ұсыныстарды қабылдау рәсімін өткізу мерзімі: 2026 жылғы 1 қазаннан тен бастап 14 қазанға дейін (ескертулер мен ұсыныстарды қабылдаудың соңғы күні – 2026 жылғы 14 қазан).

Байланыс деректері: Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8.

Экологиялық мәдениет және саясат департаменті Тел. 8 (7172) 74-02-83

e-mail:b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz

n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz

Ескертулер мен ұсыныстарды жазбаша түрде электрондық түрде электронды мекен-жайға жіберуге болады. Министрлік Кеңсесінің мекен-жайы: k.kense@ecogeo.gov.kz.

Сіздің құжаттарыңыздың алынғандығы жөнінде, кеңседе +7/7172/74-08-44 телефоны арқылы міндетті түрде нақтылау қажет.

СЭҚБ бойынша материалдар орналастырылған:

Министрліктің сайтында («қызмет»бөлімі–«Негізгі құжаттар» бөлімі

–«Стратегиялық экологиялық бағалау» бөлімі).

Қазалы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрлысы бөлімі

ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ – БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Өрт – адам өмірі мен денсаулығына, тұрғын үйлерге, көсіпорындар мен әлеуметтік нысандарға елеулі қауіп төндіреді. . Өрттің салдарынан адамдар зардап шегіп қана қоймай, тұрғын үй, дүниемүлік, материалдық құндылықтардан айырылады. Сондықтан өрттің алдын алу, қауіпсіздік талаптарын сақтау – баршаға ортақ міндет.

Өрттердің басым бөлігі қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамаудан орын алады. Атап айтқанда, электр құрылғыларын дұрыс пайдаланбау, электр желісіне шамадан тыс күш түсіру, ақаулы электр сымдарын қолдану, газ құралдарын қараусыз қалдыру, пешті дұрыс пайдаланбау, балалардың отпен ойнауы және сөндірілмеген темекі қалдығы өрттің негізгі себептерінің бірі болып табылады.

Тұрғын үйлердегі өрт қауіпсіздігі

Тұрғын үйлерде электр желілері мен жылыту құрылғыларының жарамдылығын тұрақты түрде тексеру қажет. Бір розеткаға бірнеше электр құрылғысын қосып, желіге шамадан тыс күш түсіруге болмайды. Электр сымдары зақымданған жағдайда оларды өз бетінше уақытша жөндеудің орнына маманға жүгінген жөн.

Электр жылытқыштарын жанғыш заттарға жақын орналастыруға және оларды киім кептіру үшін пайдалануға болмайды. Үйден шығар алдында электр құрылғыларының өшірілгеніне көз жеткізу қажет.

Газ құралдарын пайдаланған кезде қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау керек. Газ плитасын қараусыз қалдыруға, газ жабдықтарын өз бетінше жөндеуге немесе рұқсатсыз өзгертуге болмайды. Газдың иісі сезілген жағдайда ашық отты қолданбаңыз, электр қосқыштарын қоспаңыз және газ беруді тоқтатып, бөлмені желдетіп, тиісті қызметтерге хабарласыңыз.

Пешті пайдалану кезінде сақ болыңыз

Жылыту маусымында пешті пайдалану кезінде қауіпсіздік талаптарына ерекше көңіл бөлу қажет. Пешті қараусыз қалдыруға, оны тез тұтанатын сұйықтықтармен жағуға және пешке тым көп отын салуға болмайды.

Пештің маңында отын, қағаз, киім және басқа жанғыш заттарды сақтауға жол берілмейді. Мұржа уақытылы тазаланып, оның техникалық жағдайы тұрақты бақылауда болуы тиіс.

Балалардың қауіпсіздігі

Балаларға отпен ойнаудың қауіпті екендігі туралы үнемі ескертіп отыру қажет. Сіріңке, оттық , басқа да от көздері балалардың қолы жетпейтін жерде сақталуы тиіс.

Кішкентай балаларды үйде жалғыз қалдырмаған жөн. Балаларға электр құрылғыларын, газ плитасын және басқа да тұрмыстық техникаларды ересектердің бақылауынсыз пайдалануға болмайтынын түсіндіру қажет.

Өрт болған жағдайда не істеу керек?

Өрт белгілері байқалған жағдайда ең алдымен сабыр сақтап, адамдардың қауіпсіз жерге шығуын қамтамасыз ету қажет. Өртті өз бетіңізше сөндіруге әрекет жасаған кезде өміріңізге қауіп төндіруі мүмкін.

Өрт немесе түтін байқалған кезде дереу 101 немесе 112 нөміріне хабарласыңыз. Хабарласқанда өрттің нақты мекенжайын, не жанып жатқанын, адамдардың ішінде қалуы мүмкін екенін мүмкіндігінше нақты айту қажет.

Түтін басқан бөлмеде еңкейіп немесе еңбектеп қозғалған дұрыс, себебі улы түтін жоғары жаққа көбірек жиналады. Киім жанған жағдайда жүгірмеу керек. Жерге жатып, домалау арқылы жалынды өшіруге болады.

Егер шығу жолы түтінмен немесе отпен бөгелсе, қауіпсіз бөлмеге кіріп, есікті жауып, терезеден немесе балконнан көмек сұрау қажет. Лифтіні пайдалануға болмайды.

Өрт сөндіргішті дұрыс пайдалану

Әрбір мекемелер мен нысанда өрт сөндіргіштің болуы және оның жарамды күйде сақталуы маңызды. Өрт сөндіргішті қолданған кезде оның пломбасын алып, сақтандырғышын шығарып, шлангысын немесе саптамасын жалынның өзіне емес, өрттің шыққан жеріндегі жану ошағына бағыттап, тұтқасын басу қажет.

Өртті сөндіру кезінде өз қауіпсіздігіңізді ұмытпаңыз. Егер жалын тез таралып жатса немесе түтін қою болса, өртті өз бетіңізше сөндіруге тырыспай, адамдарды қауіпсіз жерге шығару керек.

Өрттің алдын алу – ортақ міндет

Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау тек төтенше жағдайлар қызметінің ғана емес, әрбір азаматтың міндеті. Әр адам өз үйінде, жұмыс орнында және қоғамдық орындарда қауіпсіздік талаптарын сақтауы қажет.

Қарапайым сақтық шаралары үлкен қайғылы жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді. Электр және газ жабдықтарын дұрыс пайдалану, балаларды қараусыз қалдырмау, жылыту құралдарын қауіпсіз қолдану, ашық отты бақылаусыз қалдырмау және өрт сөндіру құралдарын дайын ұстау – өрттің алдын алудың негізгі талаптары. Қауіпсіздікке немқұрайлы қарамаңыз! Өрттің алдын алу – әрқайсымыздың қолымызда.

Өрт немесе төтенше жағдай орын алған жағдайда 101 немесе 112 нөміріне дереу хабарласыңыз!

Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

АРДАГЕРЛЕР

(Ән)

Асқар таудай ардагерлер-дара шың,
Алғыс алған адамдардан, талай мың.
Зейнеткерлік демалыста жүрсе де,
Үйретері, айтары мол, ойы тың.
Өтсе-дағы талай уақыт, сан жылдар,
Бос өтпеді, еңбек көп қой бар айтар.
Жүзге дейін бақытты боп жетіңіз,
Ардагерлер, аға ұстаз, асылдар! } 2рет
Елің үшін, халқың үшін биіксің.
Көркем мінез бойларыңа жиыпсың.
Шаш ағарып, бетке түскен әжімдер,
Жарасады, көрінбейді ешбір мін.
Талай жолды жүріп өткен даралар,
Өткен уақыт еңбегіңді саралар.
Білім берген шәкірттерің, ұрпағың,
Еңбегіңді құрмет тұтып бағалар!

Серік ОТАРАЛИЕВ,
Сарқыт ЕРЖАНОВА

ОТАН

Туған жерім Отаным,
Көкте нұрлы аспаным.
Туған далам тұмарым,
Асқар тауым ұраным.
Күнім шашқан шуағын,
Ай сәулесі ұнайтын.
Жымыңдасып жұлдызы.
Сыбырласып тұратын.
Күн астында қалықтап,
Қанат қаққан қыраным.
Қырдағы иісі аңқыған,
Бетеге мен жусаным.
Сағым қуып жарысқан,
Елігім мен құланым.
Анам менің жұмағым,
Әкем бақыт тұрағым.
Ата баба қалдырған,
Қазына мұра Отаным.
Жарым еді шырағым,
Аманат ұстап ошағын.
Атаның алып батасын,
Өскен өнген ұрпағым.
Оттай ыстық құшағың,
Сағынып сені құшамын.
Аман болшы сен мәңгі,
Қазақстан -Отаным!

Сәндібай ЖАНСҰЛТАН,
Әйтеке би кенті

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.
Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, **бас редактор** - 2-47-77, факс 8 (724-38)2-17-49.
Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@bk.ru **Таралымы 11707 дана.**